


Жалпыдамзаттық құндылықтар – мектептің біртұтас педагогикалық үдерісінің негізі

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Атырау облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының
«Жалпыадамзаттық құндылықтарға оқыту» бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру
курсының тыңдаушысы, №1 В.И.Ленин атындағы орта мектептің өзін – өзі тану пәні
мұғалімі З.Р.Досқалиева



Жоспары

- ❖ «Өзін – өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық негіздері.
- ❖ «Өзін - өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері.
- ❖ «Өзін - өзі тану» рухани - адамгершілік бағдарламасының және басқа пәндердің интеграциясы.
- ❖ «Өзін – өзі тану» рухани адамгершілік білім – беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі.

Мақсаты: Мектептің біртұтас педагогикалық үдерісінің негізі жалпыадамзаттық құндылықтан туындайтындығын түсіндіру



Жағымды күйге ену

Нұрға бөлену


center-psiologii.satu.kz

Үй тапсырмасы

- «Звёздочки на земле» фильмін көргеннен кейінгі түйген ойыңыз қандай?

- Ишан сияқты оқушылардың жүрегіне қалай жол табуға болады?

- Қазір фильмдегі қай кейіпкердің ролін сомдап жүрсіздер?




1. «Өзін – өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық негіздері

В.А.Сухомлинскийдің сөзі: «Мұғалім жақсы сабаққа өмір бойы дайындалады. Біздің мамандығымыздың рухани және философиялық негізі осында: оқушыларға білім ұшқынын шашу үшін мұғалім өз бойына телегей-теңіз нұр жинауы керек», - дейді

«Егер мұғалім тек сабағына деген махаббатты көрсетсе, онда ол жақсы мұғалім. Егер мұғалім балаға анасы, әкесі сияқты махаббатты сыйласа, онда ол барлық кітапты оқып, бәрін білетін мұғалімнен екі есе жақсы мұғалім», - деген екен Л.Толстой.

К.Д.Ушинский: «Білімін үздіксіз жетілдіруден жалықпаған ұстаз ғана мұғалім болуға жарайды, ал біліктілігін шыңдаудан қалған күні мұғалім болудан да қалады».



**Сократтың ең бірінші қағидасы
«Сен алдымен өзінді өзің таны»**

**Екінші қағидасы: «Менің білетінім: менің
ештеңе білмейтіндігім, ал басқалар мұны
да білмейді»**

Сократ
469 – 399 б.з.д.

"Әр адамның бойында күн бар, тек оның
нұрлануына мүмкіндік беріңдер!"

«Кімде кім әлемді өзгерткісі келсе, алдымен
өзі өзгерсін»

Дүниедегі ең оңай нәрсе – біреуге ақыл айту,
Ең қиын нәрсе – өзінді өзің түсіну

Әл – Фараби
870 – 950 жж



Сана арқылы оқыту




Оқыту, ойлау және түсіну – осының бәрі бес сезім мүшелірі арқылы сананың ішінде жүретін үдерістер.

Олардың екеуі: **көру** мен **есту** ақпарат алудың маңызды жолдары болып табылады.

Ақпарат бес сезім мүшелері арқылы сыртқы әлемнен **түпкі санаға** (кейде саналы түрде, кейде санадан тыс) түседі де, осы жерде психикалық-эмоциялық реңге ие болады.



Сананың құрылымы





Сананың құрылымы туралы

3. Фрейд бірінші рет **бейсаналық** (санадан тыс) бөлігін ажырата отырып, адам санасының құрылымын жасады. Ол невроздарды зерттей отырып, сана саласынан шығып қалған эмоцияларды тапты және оларды **түпкі сана (подсознание)** деп атады.

3. Фрейд негізінен патологиялық жағдайларды қарастырғандықтан, оның теориясын жан-жақты ету адам мүмкіндіктерін шектеуге әкеліп соқтырды.

К.Г. Юнг сананың төменгі, жеке тұлғалық деңгейінен басқа жоғары деңгейінің **(жоғарғы сана)** бар екеніне назар аудара отырып, бейсаналық ұғымын кеңейтті. Ол сонымен қатар жоғары деңгейде әсерленудің терапевтік әсері бар екендігін және адамды ізгілендіре түседі, оған шығармашылық шабыт, қуат беретінін дәлелдеді.





Сананы тазарту

- **Күн сайын жағымды көңіл күйге ену тәсілін қолданған жөн.**
- Бұл сананы тыныштандыру мен бақылау үшін, әлемді түйсінуге арналған тікелей әдіс.
- Күні бойы барлық адамдарға сүйіспеншілік нұрын шашуға талпыныңыз.
- Ұйықтар алдында күні бойы не істегеніңізді еске түсіру үшін бірнеше минуттыңызды бөліңіз, және де оданда жақсысын жасауға шешім қабылдаңыз.
- Ашу-ызыңызды бақылаңыз. Өзіңізді ұрсып, ренжіткен адам сізге өз ашу-ызаңызды бақылауға көмектесетінін әрдайым есте ұстаңыз.


Ашулана бастасаңыз:

- Бір стакан суық су ішіңіз;
- Айнадан бет-жүзіңізге қараңыз;
- Тыныш қана жатыңыз.

- Өзіңізді тыныштандыратын ізгі немесе жұбату сөздерді дауыстап айтыңыз.
- Жан тебіrentіп, жайландыратын, жалпыадамзаттық құндылықтарға толы ән салыңыз.
- Жақсы компания, орта табыңыз.
- Басқаларға тыныштық беруге, оларға қызмет етуге және оларды жұбатуға үйреніңіз.
- Тыныштық сақтауға үйреніңіз. Жұмсақ, әрі мейірімді интонациямен сөйлеңіз.
- Тыныс алуыңызды бақылаңыз: әр уақытта баяу, терең және ырғақты тыныс алыңыз және бұған кедергі жасайтын нәрсенің бәріне абай болыңыз.
- Күнделікті өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануға ұмтылыңыз.
- Ажырата ойлауды дамытыңыз.

Ертедегі даналар:

- **«Әлемде тыныштық болсын және де ол менен басталсын!» деген екен.**



Өзін-өзі тану пәні және басқа пәндердің интеграциясы

Сыртқы білім
(Ақыл үшін)

+

Ішкі білім
(Жүрек үшін)



Тұтастай білім



“Балалар білімді аңсайды, бірақ олар жанды білімді аңсайды”

Шалва Амонашвили

Жансыз білім:

- Білмесе де болатынын білетініміз;
- Хабарлана салысымен ұмытылып қалатын білім;

Жанды білім:

- Адамды рухтандырады;
- Ғылым көкжиегіне еліктіреді;



Сыртқы интелектуалды ақыл үшін

1. Сыртқы, интелектуалды
2. Сыртқы әлемді зерттейді
3. Кітаби білім (жеке тәжірибесіз тануға болады)
4. Қалауларын оятады, сырттағыға тартады
5. Тіршілікте күн көру үшін қажет
6. Интеллектіні дамытады
7. Ақыл мен тәнге бағытталады
8. Сырқы білімнің мақсаты- ақпарат беру
9. Аллергия пайда болады

Ішкі білім жүрек үшін

1. Ішкі, рухани –адамгершілікті
2. Ішкі әлемді зеттейді(Мен кімін?)
3. Практикалық білім (тек жеке тәжірибе арқылы тануға болады)
4. Әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды
5. Өмірлік мақсаттармен байланысты(не үшін өмір сүру керек)
6. Интуицияны дамытады
7. Жүрекке бағытталады
8. Ішкі білімнің мақсаты-өзгерту
9. Энергия (қуат) береді

Тұттастай білім = Сыртқы білім + ішкі білім

- **Адам тұлғасының барлық аспектілері ақыл, қол және жүректің үйлесімді дамуықарастырады**
- **Байсалды тұлғаны дамыту;**
- **Адамның жаратылысынан бар рухани-адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарын анықтап, күнделікті өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік жасауы;**
- **Ойы, сөзі, ісі бірлікте болатын мінез-құлыққа тәрбиелеу мақсат етіледі;**



Қалай интеграциялауға болады?

- Сыртқы ықпалдастыру (өзін-өзі тану пәнінің әдістемелік тәсілдерін қолдану)
- Ішкі ықпалдасу (дүниетанымдық, мәнді, мағыналы)



Сабақтағы сабақ

- Мен пәнді оқытамын дегенше “Мен өскелең ұрпақты оқытамын” деп айтқан жөн;

- Бастысы – пәнді оқыту емес, пәнді оқыту арқылы тұлғаны рухани-адамгершілікте дамыту;

- Оқыту үдерісінде ең маңыздысы – жақсы мінез-құлықты, ішкі ар-ұждан дауысына сәйкес келетін лайықты тұлға болу;



Ішкі интеграцияның мақсаты:

Сабақтың рухани-адамгершілік мәнін айқындап беру;

Оқытып отырған пәннің мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу;

Пәндегі беріп отырған білімді біріктіру;



Ішкі интеграцияның жолдары:

- Ғылымдардың даму тарихы мен ұлы ғалымдардың өмірінен шабыттандыратын мысал келтіру;
- Қазіргі ғылыми жаңалықтармен таныстыру:

Тән.Жан.Рух.

Үшеуі де бірлікте болған білім өміршең

- Әрбір оқу пәнінің мазмұнынан жалпыадамзаттық құндылықты анықтау



Қазақ тілі пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру: Мысалы **Синоним** сөздер

• Мағыналары бір-біріне жуық, бірақ дыбысталуы басқа – басқа сөздерді **синоним** дейміз.

• Мысалы: әдепті, тәртіпті, ақылды, білімді, сыпайы.....

• Түйін: «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала», деген мақалдың мәнін ашатын болсақ, егерде бала өз ісінде дұрыс әрекет жасайтын болса, атқаратын істеріне сүйіспеншілікпен қарап, әрдайым өзін тек қана тыныштықта ұстайтын болса, ешкімге ешқашан да қиянат жасамайтын болса онда сол баладан дұрыс әдепті, тәртіпті адам шығатынымен түйіндейміз.

Дүниетану пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру. Адам мен табиғаттың бірлігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсері туралы түсініктері болуы, қоршаған ортаға саналы түрде ұқыптылықпен қарым – қатынас жасай алуы; Мысалы: “Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ” деген мақалдың мәнін ашу.

• Түйін: егер біз табиғатты дұрыс аялап, сақтай білсек қана табиғаттан алатын нәрселерімізді ала аламыз деп балаларды дұрыс әрекет жасауға, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, табиғатқа қиянат жасамауға, ішкі тыныштықтарын сақтай білуге үйрету арқылы түйіндеу керек.

Дене тәрбиесі пәні мен өзін-өзі тану пәнін

ықпалдастыру Денені дамыту қажеттігін түсініп, денсаулықты сақтауды қамтамасыз ететін сауықтыру әдістемесі мен қауіпсіздік шараларын іс жүзінде қолдана алуы; Өз ойы мен алған әсерлерін шығармашылық әрекеттер арқылы жеткізе алуы;

Мысалы: «Шынықсаң, шымыр боласың»

• Түйін: Осы мақалдың мәнін ашатын болсақ, баланың салауатты өмір

салтына деген сүйіспеншілігі мен дұрыс әрекеті арқылы жақсы жетістіктерге жете алатынына көзін жеткізу арқылы түйіндеу.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Мысалы: “Тауық пен балапандар”

Тауық шықты көшеге,

Ерді барлық шөже де.

Алға кетті 2-еуі,

Артта қалды 2-еуі.

Санай алмай барлығын

Есі шықты тауықтың.

Сен есепте, балақан,

Қанша еді балапан?

“Торғай екеш торғай да- өз балапанын қорғайды”. Тауық-ол ана, өзінің балапандарын қорғап, үнемі көз алдында болғанын қалайды. Бізді анамыз қалай өсіріп, біз қуансақ қуанып, біз мұнайсақ мұнайып жанымызда болса, тауықта өз балапандарының көз алдында болмағанына мазасызданды.

Түйін: Адам бойындағы мейірімділік, қамқорлық, қайырымдылық болса және ол қасиеттерге дұрыс әрекет жасай білсек әрқашанда бір –біріне деген сүйіспеншілік туындайды

Мұғалім мүсінші ме, алде бағбан ба?



4. Өзін – өзі тану рухани адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі

Мұғалімнің жоғары рухы

Ы.Алтынсарин: «Мұғалім –білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан да қымбат».

Ш.Амонашвили: «Мұғалімді ойшыл, шығармашыл, еркін етіп тәрбиелеу керек. Мұғалімдерді балағаттаудың орнына оларды ұлықтау қажет. Олар өмір суретшілері ғой. Бүгінгі мұғалімдер ХХІ ғасырдың ортасын салып жатыр».

Адольф Дистервег: « Мұғалім рухын бірде бір кітап алмастырмауы қажет және алмастыра алмайды да».

Педагогтың үш стилі

Авторитарлық стиль

Либералдық стиль



Ізгілікті стиль



**Мен еш уақытта өз
оқушыларыма еш
нәрсе үйретпеймін –
тек қана олардың
оқуы үшін жағдай
жасаймын
Альберт Эйнштейн**

Мұғалімнің үш түрі



- **Шағымданушы**
- **Түсіндіруші**
- **Қанаттандырушы**



Мұғалімнің басты қасиеттері



- Мұғалімге басты екі қасиет қажет: қарапайымдылық, өз кемшіліктерін ұғыну үшін, және де кемелденуге тілек
- (ертеде мұғалім балалардың алдына бармас бұрын ойларын тазалап алған).

"Мектепті емес, мұғалімнің рухани әлемін реформалау керек"

Ш. Амонашвили.

Ш.Амонашвили: «Ізгі педагогика манифестінде былай дейді:
Мұғалім – нұр сыйлаушы жан иесі, адам жанын тәрбиелеуші
Ұстаз.

Оқушы – нұрды іздеуші, шөліккеген жан.

Сабақ – Ұстаз бен оқушының кезесуінен туатын бірлескен
асқақ өмірдің айрықша жолы.

Тәрбие– өсіп келе жатқан адамның рухани қорегі.

Білім– адамның ең жоғарғы қабілетінің ашылуының тылсымы.


Мектеп –адам жанының көтерілуі үшін арналған баспалдақ.

Шабыттану– жан дүниенің шаттығы.

Өзін-өзі тану дегеніміз- адам өзін-өзі анықтауға, жақсы
қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзінің абыройын сақтай
отырып үнемі Адам, осы сөздің толық мағынасында, болып
қалу үшін қажет.



**Бастысы- пәнді оқыту емес, пәнді оқыту арқылы
тұлғада рухани адамгершілікті дамыту.**



Төле Әлібекұлы
1663 – 1756 жж

**Қымбатты ұстаздар, сіздерге талмас қанат,
шығармашылық шабыт тілейміз!**

**Өткен күн, Кеше – Тарих
Келер күн, Ертең – Сыр
Ал бүгінгі күн – Үлкен сый**

Назарларыңызға рахмет!

